

САБАҚҚА АНЫҚТАМА

2022-2023 оқу жылындағы үйірмедегі атқарған жұмыстар



Тақырыбы: Қатырма қағаздан аппликация жасау

14.09.2022жылы Өбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде «Қол өнер» үйірмесінде Қатырма қағаздан аппликация жасау тақырыбында 1-5 сыныптар арасында сабақ өткізілді

Білімділігі: жапсырмалау түрлерін, жапсыру технологиясын түсіндіру. **Жапсырмалау** өнері қай халықтың өнерінде болса да кездеседі. Әсіресе қолданбалы өнерде алатын орны ерекше. Бұл өнер түрі Батыста, орта Азияда жақсы дамыған. «Жапсырма», «Аппликация», латынның «жабыстыру, киыстыру» деген сөзінен шыққан. Жапсырмалау өнерін қолданылатын материалдарына қарай үш түрге бөледі:

- түрлі-түсті қағаз, қатты картонмен орындалатын жапсырма;
- Әр түрлі мата, киіз, тері, макта, қауырсын, жіп т.б. материалдарды қолданумен орындалатын жапсырма;
- табиғи материалдармен (сабан, ши, қамыс, дәндер т.б.) қолданумен орындалатын жапсырма.

Мақсаты: Бөлшектерін қосу және дизайны жағынан айрықшаланатын аппликация жасай алады. Шығармашылық жұмысты орындайды, түсіндіреді. Балалар үшін тартымды, өйткені өзінің қиялын, ойын толық білдіруге үлкен мүмкіндіктер береді



Анықтама

2023 жылдың 26 қазан күні Қызылорда қаласы №197 Ә.Құдабаев атындағы қазақ орта мектебінде күзгі демалыс кезінде 5-6 сынып оқушылары арасында бес асық ойынынан жарыс өткізілді.

Мақсаты:

- Ұлттық ойын арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту
 - Салауатты өмір салтын насихаттау
 - Оқушыларды достыққа, жолдастыққа, сыйластыққа тәрбиелеу
- Жарысқа 5-6 сыныптардан іріктелген үздік оқушылар қатысты.

Бас төреші: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тәжиева А.

Жарыс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін орындаумен басталды.

Ойыншылар жеребе арқылы қарсыластарын анықтап, жарыс кезең-кезеңімен өтті.

Басқа қатысушылар түрлі номинациялар бойынша мақтау қағаздарымен 3 орынмен марапатталды.



Мадақтау қағаздарын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Жукашовпен табыстады.

Жарысты бастауыш сынып мұғалімдері мен дене шынықтыру пәнінің ұстаздары көрермен ретінде тамашалап, оқушыларға қолдау көрсетті.

Жарыс жоғары деңгейде, қызықты әрі тартысты өтті.

Жарысты ұйымдастырып өткізген:

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тәжиева А.



**2022-2023 оқу жылының 6 сынып қыз балаларына арналған
«Шебер қолдар» ақысыз үйірмесінің жұмысына**

АНЫҚТАМА

«Шебер қолдар» ақысыз үйірмесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары жасалып, бекітілді. Оған қол өнеріне қабілеті мен қызығушылығы бар 6- сынып қыз балалары (15 оқушы) қамтылды. Үйірме аптасына 1 сағаттан 34 сағатты құрады. Жоспар бойынша 1 тоқсанда бейнелік ойыншықтар, 2-тоқсанда жаңа жылдық ойыншықтар, 3-тоқсанда құстар, 4-тоқсанда үй жануарлары ойыншықтарын жыл бойы жасап шықты. Оқушыларға үйірменің мақсат, міндеттері, ҚТЕ таныстырылды. Үйірмеде оқушылар өздері қолдан жұмсақ ойыншықтар жасап үйренді. Алдымен ойыншықтың нобайы салынып, қағаздан пішім дайындалды. Пішімді мата бетіне қойып қайшымен қиып, одан соң торлау тігісімен алдыңғы және артқы бөліктерін біріктіріп тігуді үйренді. Одан кейін майда бөлшектерін қосып тігіп, ойыншықтарын өз қалаулары бойынша безендірді. Жұмыстың барлық кезеңдерінде де ҚТЕ сақталды.

Оқушылар матадан жұмсақ ойыншықтар жасау арқылы мейірімділікке, ұқыптылыққа, ауызбіршілікке, ұйымшылдыққа тәрбиеленді.



АНЫҚТАМА

2022-2023 оқу жылының 6 сынып ер балаларына арналған «Ағаш өңдеу» үйірмесінің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Мақсаты: Ер балалардың уақытты тиімді пайдалануын, пайдалы іспен айналысып, қажетті білім алуын, жат нәрселерден аулақ болуын қамтамасыз ету.

Үйірмеге 6-сынып ер балаларынан 15 оқушы қамтылды. Жоспар бойынша пирография әдісімен жұмыс жасады, яғни ағаш бетіне күйдіру әдісімен сурет салу. Оқушылар пирография өнерінің шығу тарихын зерттеп, жұмысқа қажетті құрал-жабдықтармен танысты. Өздері салған нобай бойынша мұғалімнің нұсқаулығымен күйдіріп сурет салуды, оны әшекейлеп әрлеуді үйренді. Үйірме жетекшісі А.Биназаров оқушылардың жұмыс барасындағы өмір қауіпсіздігін басты назарда ұстады. Оқушылар жыл соңында өздері жасаған жұмыстардан көрме ұйымдастырды.

